

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 2186 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 мамырда № 7139 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 18, 69 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 32 (отыз екі) байланыс желісін ұйымдастыра отырып, "Қостанай-Ақтөбе" трассасы бойымен талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалану үшін, Ақтөбе қаласы аумағында орналасқан ұзындығы 61740 метр, ені 4 метр, жалпы көлемі 24,7 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, қауымдық сервитут белгіленсін.

**Ескерту. Қазақ тіліндегі шешімнің 1 тармағына өзгеріс енгізілді, орыс тілдегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 26.10.2020 № 4030 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Ақтөбе қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қаласының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 26.10.2020 № 4030 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қаласының әкімі*

*А. Шахаров*